

Г.С. Асқарова^{1*}, А.Е. Айтбаева², Қ.С. Құрмамбаева³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

³«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей, Қазақстан

E-mail: ¹gauhar_8@mail.ru, ²aiman_aitbaeva@mail.ru, ³karlitos-73@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-0688-4850, ²0000-0003-2346-3211, ³0000-0001-6022-3992

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ АВТОРЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯЛАР

Аңдатпа. Тарихи тақырып – бүгінгі күні де әдебиет пен өнердегі өзекті мәселелердің бірі. Тарихи жанрда ең бастысы – белгілі бір дәуірдің өмір шындығын көркемдік тұрғыда ашу, уақыт бедерін дәл бейнелеу, қоғамдық-тарихи факторлардың көркем әдебиеттегі рөлін айқындау болып табылады. Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени тәжірибе тарихи роман секілді ірі эпикалық жанрдың дамуына негіз болды. Бұл мақалада Алтын Орда дәуірінің тарихы мен тұлғаларының көркемдік бейнесі авторлық концепциялар тұрғысынан қарастырылды. Зерттеу барысында тарихи роман жанрының типологиялық ерекшеліктері мен жазушының деректі материалдармен жұмыс істеу тәсілінің рөлі анықталды. Тарихи роман – ең алдымен, жазушының белгілі бір тұлғаның бейнесі арқылы маңызды көркемдік идеяны жүзеге асыратын, дербес әдеби жанр. Бұл жанрда әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік және қоғамдық-саяси сипаты көркемдік тұрғыда жинақталып бейнеленеді. Жазушының басты назары мемлекет пен халықтың даму тарихына бағытталады. Зерттеу нысаны ретінде Алтын Орда кезеңіне қатысты тарихи романдар: Ілияс Есенберлиннің «Алтын Орда» трилогиясы, Мұхтар Мағауиннің «Шыңғыс хан» дилогиясы, Исая Калашниковтың «Қатігез ғасыр» романы және Нұрлан Санжардың «Жошы – күтпеген қонақ» романы таңдалып алынды. Бұл туындылар авторлардың шығармашылық әдісі мен стиліне байланысты өзіндік көркемдік ерекшеліктерімен сипатталады. Дегенмен тарихи роман жанрына тән ортақ сипаттар мен құрылымдық ерекшеліктер сақталған. Аталған төрт авторды да Шыңғыс хан бейнесін және оның билік еткен тұсындағы түркі халықтарының тарихи тағдырын көркем түрде бейнелеу барысында пайдаланылған дереккөздер жүйесі біріктіреді.

Кілт сөздер: тарихи роман, тарихи тұлға, авторлық тұжырымдама, көркем интерпретация, тарих шындығы.

Г.С. Асқарова^{1*}, А.Е. Айтбаева², Қ.С. Құрмамбаева³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

²Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан

³НАО «Университет имени Шакарима города Семей», Семей, Казахстан

E-mail: ¹gauhar_8@mail.ru, ²aiman_aitbaeva@mail.ru, ³karlitos-73@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-0688-4850, ²0000-0003-2346-3211, ³0000-0001-6022-3992

АВТОРСКИЕ КОНЦЕПЦИИ ОБ ИСТОРИИ И ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ОСОБЕННОСТЯХ ЛИЧНОСТЕЙ ЭПОХИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

Аннотация. Историческая тематика и сегодня остаётся одной из актуальных проблем в литературе и искусстве. В историческом жанре главное – художественно раскрыть жизненную правду

определённой эпохи, точно передать дух времени и определить роль социально-исторических факторов в художественной литературе. Многовековой духовно-культурный опыт стал основой развития крупного эпического жанра, такого как исторический роман. В данной статье художественный образ истории и личностей Золотой Орды рассматривается с позиции авторских концепций. В ходе исследования были выявлены типологические особенности жанра исторического романа и роль методов работы писателя с документальными материалами. Исторический роман – это, прежде всего, самостоятельный литературный жанр, в котором писатель реализует важную художественную идею через образ конкретной личности. В этом жанре художественно обобщаются историко-социальные и общественно-политические черты каждого периода. Основное внимание автора направлено на историю развития государства и народа. В качестве объекта исследования были выбраны исторические романы, посвященные эпохе Золотой Орды: трилогия «Золотая Орда» Ильяса Есенберлина, дилогия «Чингисхан» Мухтара Мағауина, роман «Жестокий век» Исея Калашникова и роман «Жошы – неожиданный гость» Нурлана Санжара. Эти произведения отличаются своими художественными особенностями, обусловленными творческим методом и стилем каждого автора. Однако в них сохраняются общие черты и структурные особенности, характерные для жанра исторического романа. Все четыре автора объединены использованием системы источников при художественном изображении образа Чингисхана и исторической судьбы тюркских народов в период его правления.

Ключевые слова: исторический роман, историческая личность, авторская концепция, художественная интерпретация, историческая правда.

G.S. Askarova^{1*}, A.E. Aitbaeva², K.S. Kurmambayeva³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²Korkyt ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

³NJSC «Shakarim University», Semey, Kazakhstan,

E-mail: ¹gauhar_8@mail.ru, ²aiman_aitbaeva@mail.ru, ³karlitos-73@mail.ru
ORCID: ¹0000-0002-0688-4850, ²0000-0003-2346-3211, ³0000-0001-6022-3992

AUTHOR'S CONCEPTS ABOUT HISTORY AND ARTISTIC FEATURES OF PERSONALITIES OF THE GOLDEN HORDE ERA

Abstract. The historical theme remains one of the most relevant issues in literature and art today. In the historical genre, the main goal is to artistically reveal the reality of a particular era, accurately reflect the spirit of the time, and identify the role of socio-historical factors in literature. Centuries of spiritual and cultural experience have laid the foundation for the development of major epic genres, such as the historical novel. This article examines the artistic portrayal of the history and figures of the Golden Horde era from the perspective of authorial concepts. The study identifies the typological features of the historical novel genre and the role of the writer's methods in working with documentary materials. A historical novel is, above all, an independent literary genre through which the writer conveys a significant artistic idea via the depiction of a specific figure. This genre artistically synthesizes the historical, social, and socio-political characteristics of each era. The writer's main focus is directed at the history of the state's and people's development. As the object of study, historical novels related to the Golden Horde period were selected: the «Golden Horde» trilogy by Ilyas Yesenberlin, the «Genghis Khan» diology by Mukhtar Magauin, the novel «The Cruel Century» by Isai Kalashnikov, and the novel «Zhoshy – The Unexpected Guest» by Nurlan Sanzhar. These works are characterized by unique artistic features based on the creative approach and style of each author. Nevertheless, they preserve the common traits and structural features typical of the historical novel genre. All four authors are connected through the use of historical sources in their artistic portrayal of the image of Genghis Khan and the historical fate of the Turkic peoples during his reign.

Keywords: historical novel, historical personality, author's concept, artistic interpretation, historical truth.

1. Кіріспе

Тарихи шындық пен көркемдік бейнелеу мәселесі қазіргі әдебиеттануда өзекті бағыттардың бірі ретінде қарастырылуда. Бүгінгі таңда тарихты зерделеу ерекшеліктері мен оған деген көзқарастар жаһандық трансформация үдерістерімен қатар өрбіп келеді. Осы тұрғыда тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасы, әдеби туындыдағы уақыт пен кеңістіктің тарихи нақтылыққа сәйкестігі сынды мәселелер жаңаша ғылыми рефлексияның объектісіне айналууда. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін тарихты жаңаша пайымдау, ұлттық жадыны қайта жандандыру қажеттілігі туындады. Жаңа мемлекеттілік идеясы бір күнде пайда болмағаны белгілі; оның негізінде ғасырлар бойы қалыптасқан саяси, мәдени, рухани тәжірибе жатыр. Осы себепті елдің даму жолдарын тану – тарихи сана қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігі әрі халықтың рухани тұтастығын бекітетін фактор.

XX–XXI ғасырлар тоғысында тарихи прозаның, әсіресе тарихи роман жанрының құрылымдық және мазмұндық сипатында айтарлықтай өзгерістер орын алғанын байқаймыз. Жанр өзінің классикалық пішінінен алшақтап, көркемдік-эстетикалық ізденістермен толығып, модернизациялық бағытқа бет бұрды. Тарихи романда дәстүрлі және эксперименталды форма, архаикалық және жаңашыл тәсілдер өзара тоғысып, синтезге түсті. Бұл құбылыс тарихи романның тек баяндау формасы ғана емес, сонымен қатар, өткен мен қазіргі арасындағы диалог алаңы ретінде де маңызын арттырды.

Тарихи роман – бұл белгілі бір кезеңнің көркемдік реконструкциясы ғана емес, сонымен қатар тарихи-философиялық идеяларды жеткізетін күрделі жанр. Орыс әдебиеттанушы-ғалымдары А.Г.Баканов (Баканов, 1989), В.В.Кожин (Кожин, 1963), И.В.Комаровская (Комаровская, 2019), В.И.Юрина (Юрина, 2020) сынды зерттеушілер тарихи прозадағы ең негізгі критерий – тарихилық қағидаты екенін атап көрсетеді. Бұл дегеніміз – жазушы тарихи шындықты бұрмаламай, оны көркем бейнелеу арқылы оқырманға нақты кезеңнің рухын, адамдық болмысын, әлеуметтік өзгерістерін таныта алуы тиіс.

Қазіргі тарихи прозада көркемдік реконструкция, деректілік пен субъективті авторлық интерпретацияның өзара байланысы аса өзекті. Жазушының тарихты сезінуі, оны тануы мен бейнелеу тәсілі тек әдеби-көркемдік қана емес, сонымен қатар, идеологиялық, дүниетанымдық сипаттарға ие. Сондықтан бүгінгі тарихи роман – ұлттық идентификация, тарихи жад, өркениеттік сабақтастық сияқты күрделі ұғымдарды бейнелеудің маңызды құралына айналып отыр.

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу материалы ретінде Алтын Орда кезеңі туралы тарихи романдар, атап айтқанда Василий Янның «Шыңғыс хан» (Ян В, 2021), Исая Калашниковтың «Қатыгез ғасыр» (Калашников, 2023), Илияс Есенберлиннің «Алтын Орда» (Есенберлин, 2021), Мұхтар Мағауиннің «Шыңғыс хан» (Мағауин, 2021) және Нұрлан Санжардың «Жошы – күтпеген қонақ» (Нұрлан, 2019) романдары таңдалды. Ғылыми мақалада теориялық, эмперикалық деңгейдегі әдістер қолданылды.

Біз өз жұмысымызда тарихи роман – бұл ең алдымен тәуелсіз жанр деген сенімге сүйенеміз, жазушы болашақ қоғамдық қатынастардың эталоны болып табылатын белгілі бір адамның бейнесінде көркемдік идеяны жүзеге асырады. Тарихи роман өзгеруде, ол мемлекет пен оның халқының дамуын көрсете отырып, өзінің қасиеттерін өзгертеді.

2.1. Зерттеу әдістері

Тарихи сананы қалыптастырудың мемлекеттік концепциясында Алтын Орда дәуірінің тарихи сипатын дерекке сүйене отырып көрсету кезек күттірмес мәселе болып қойылды. Жазушылар алдына үлкен мақсатты жұмыстар қойылды.

Тарихи тақырыпты, оның ішінде Шыңғыс хан турасында кең ауқымда қозғаған туындылар қатарында І.Есенберлиннің «Алтын Орда» романы, Т.Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы», Ә.Кекілбаевтың «Ханша дария хикаясы», М.Шахановтың «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғыс ханның қателігі», Х.Әдібаевтың «Отырар ойраны» романдары болды. Бұл романдарда қазақ тарихының алтын беттері тереңнен зерделеніп, халық жадынан ұмытылуға айналған тарихи оқиғалар, қазақ мемлекеттігін құру барысындағы хандарымыз мен батырларымыздың, би-шешендеріміздің ерліктері, ұлттық рухани құндылықтарымызды ұмыттыру барысындағы халдер сөз етілді. Күрделі тұлға туралы дерек те күрделі. Жазушыларымыз ұмытыла бастаған оқиғалар мен тарихи тұлғаларды қайта тірілтті, оларды көркем бейнелері арқылы оқырманның көз алдына елестетті.

Қазақ қаламгерлері тұлғатануда қазақ тарихынан үлкен орын алған ұлттық қаһармандарға көңіл бөле бастады. Мақалада айтылған мәселелер сабақтастырыла, салыстырмалы түрде зерделенді. Зерттеу нәтижелері толыққанды талқылау бөлімінде айтылады.

2.2. Материалға сипаттама

Қазақ әдебиеті тарихында Алтын Орда тарихы туралы нақты деректерге сүйеніп жазылған туындылар болды. Олардың қатарында зерттеу объектісіне алып талданып отырған Ілияс Есенберлин, Василий Ян, Исай Калашников, Мұхтар Мағауин т.б шығармалары тұр. Барлығы дерлік әлемді билеуді арман еткен Шыңғыс ханның бейнесін беруді мақсат етті.

Дегенмен, жазушылардың роман сюжетін құруда, оқиға құрылымында жазушының өзіне ғана тән стильдік ерекшеліктер мен ортақ ұқсастықтар бар екені де даусыз. Өйткені тарихты өтірік сөйлете алмайсың.

Василий Янның суреттеуіндегі Шыңғыс хан – өз жолындағы барлық нәрсені жойып, бақытсыздықты, өлімді және қасіретті әкелуші варвар ретінде бейнеленген. Оны оқырман тек зұлым, қанішер қолбасшы ретінде қабылдайды. Адам ретінде жақсы қасиетін көрмейді. Шыңғыс ханның жорықтарының тарихын түсіндіру барысындағы жасаған еңбегі зор. Жазушы романдағы кейіпкерлер ісі мен көзқарастары және нақты деректер арқылы сипаттама жасады. Ұлы қағанның бейнесін жасады.

Исай Калашников «Қатыгез ғасырында» Шыңғыс ханның бейнесін әртүрлі өмірлік жағдайларда онымен қиылысатын басқа кейіпкерлермен қатар суреттейді. Бұл сипаттама авторға ханның басқаларға деген көзқарасын неғұрлым нақты көрсету, кейіпкерге моральдық баға беру үшін маңызды. Кейіпкерлер галереясының

ішінде Шыңғыс ханның анасы – Оэлуның бейнесіне назар аудару керек, оның басты кейіпкердің образын ашудағы рөлі маңызды. Ана жүрегінің адамгершілігі, тектілігі, құрбандығы Шыңғыс ханның қатыгездігіне тікелей қарсы тұрады. И.Калашников өзінің кейіпкерін іс-әрекетте бейнеледі, жанды қарым-қатынаста Шыңғыс ханның мінезін ашты. Кейіпкердің өзін-өзі ашу әдісі арқылы ол тарихи тұлғаның рухани драмасын түсіндірді.

Мұхтар Мағауин «Шыңғысхан» романында Шыңғыс ханның бейнесін беруде 1206 жылы монғол шонжарларының құрылтайында Темичунның ұлы хан – Шыңғысхан болып жариялануына көңіл бөлеміз. Алысты көздеген, есебінен жаңылмаған Темуджин – Шыңғыс ханға айналды. Наймандарға жау Шыңғыс хан – өз елін бақытқа жеткізуді, теңдікте күн кешуді армандаған қайраткер ретінде сомдалды. Шыңғыс хан әскерінде темірдей тәртіп болғаны, сәл ғана тәртіп бұзушылыққа өлім жазасы тағайындалғаны кейіпкерлер әрекеті арқылы берілген. Есугей батырдың татар басшысы Темучинді тұтқындағандықтан ұлына Темужин деп ат қоюымен оқиға әрі қарай баяндалады. Шыңғыс хан татарларды жермен жексен етіп, әкесінің кегін алады. Оның мемлекеттік билік саласындағы жүргізген саясатын жан-жақты ашып көрсетеді. Шыңғыс ханның арғы тегі қият, ал қият пен қыпшақ бірге туысатынын, негізінен, батыс пен орыс зерттеушілері Шыңғыс ханның бізге туыс екенін жасыруға тырысқандығын бұрынырақ жазылған мақаласында айттып өтеді. Тіпті, түркі дегенді айтқызбай, оны монғол деп атайды. Оның артында Алтын Орда деген мемлекет қалады.

Шыңғыс хан барлық шығыс тайпаларын біріктіріп, Қытай шабуылын тоқтата алды. Қазақ халқының негізін құрайтын тайпаларды біртұтас мемлекетке біріктірді. Өз балаларына басып алынған жерлерді бөліп беріп, олардың ел ретінде тіршілік етуге жол салды. Автор кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне ене отырып, олардың елдік жолдағы саналы әрекеттеріне талдау жасайды.

3. Талқылау

Әдебиеттегі көркем ойдың құзар шыңы – роман. Тарихи роман жанрына тән маңызды типологиялық белгілердің қатарына автордың назарын аударған тарихи оқиғаларды бейнелеу, дәуірлік оқиға арқылы халықтың тарихын көрсету және жағдайды объективті түрде жеткізу және сол кездегі адамдардың психологиясын ашу мақсатында нақты таңдалған кейіпкерлер жатады.

Кез келген тарихи романның түп тамырында осы тарихи кезеңге тән әлеуметтік қатынастар мен тұтастай алғанда тарихи процестің дамуының маңызды заңдылықтарын түсінуге негізделген дәуірдің бейнелі нақты тарихи репродукциясы жатыр.

Біз тарихи романның маңызды типологиялық белгілерінің біріне – нақты тарихи тұлғаларды бейнелеуге, ал өткен дәуірдегі адамдардың тағдыры мен кейіпкерлерін бейнелеу арқылы тарихи кезеңнің ерекшеліктерін қалпына келтіруге назар аударамыз.

Тарихи роман жазуға бекінген жазушыға тарих туралы жақсы білім ғана емес, сонымен қатар зерттеушінің ұқыптылығы, еңбекқорлығы және үлкен назары қажет. Өткен уақыттағы оқиғаларды дәл, көркем түрде қайта құру, адамдардың қарым-қатынасын ашу, олардың ойлары мен іс-әрекеттерін ынталандыру тарихи құжаттарды зерттемей мүмкін болмайды.

Кеңес әдебиеті тарихында біршама жазушылар Алтын Орда тарихын айналып өтпеді. Олардың қатарында Ілияс Есенберлин, Василий Ян, Исай Калашников, Мұхтар Мағауин тұр.

Жоғарыда көрсетілген жазушылардың романдары кеңестік шындықтың бір кезеңінде, бірақ әр түрлі әлеуметтік-саяси деңгейлерде жасалған. Романдардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері, жазушының жеке өзіне ғана тән шығармашылық әдісі мен стилі бола тұра кейбір мәселелерде ортақ ұқсастықтар бар екендігін жоққа шығармаймыз.

Ең алдымен, барлық жазушыларды түркі халықтарын біріктірген ұлы хан бейнесін қайта құру кезінде бірге жұмыс істеген дереккөздер біріктіреді.

4. Зерттеу нәтижесі

Жазушы І.Есенберлин де, В.Ян да, И.Калашников та Шыңғысхан бейнесін жан-жақты танытуға күш салды. Аты аңызға айналған тұлға – Шыңғыс хан феноменіне арқа сүйеді. Бұл өзіндік тарихи ойды қорытуға мүмкіндік туғызды. Әрқайсысы өз алдына Шыңғыс ханның аңызға айналған бейнесі туралы жеке тұжырымдамасын ұсынды, сәйкесінше роман жазу барысында әлеуметтік-тарихи жағдайлар, сондай-ақ автордың дүниетанымы мен ұлттық көзқарастарына ерік берілді.

Қаламгер Ілияс Есенберлин түркі халықтарының өкілі ретінде Алтын Орданың өркендеуі мен құлдырау кезеңін бейнелейді. Романдағы тарихи оқиғалар дерекке сүйенеді. Тарихи тұлғалар да қайтадан суреттеледі. Партияның идеологиялық ұстанымы авторға не және қалай жазу керектігін айтқан уақытқа қарамастан, І.Есенберлин өз романында түркі халықтарының этногенезін дамытудағы Алтын Орданың маңызды рөлін атап көрсете алды.

Ал Василий Ян «Шыңғыс хан» романында ханның жорығы жаулап алушының зорлық-зомбылығына негізделгенін ашып көрсетті. Автор өз шығармасында жас Шыңғыс ханды бейнелей отырып, оның қолбасшы ретінде қалыптасуын басты негізге алады.

Жазушы ханның жеке басының тұлғалық қасиеттеріне көңіл бөле отырып, қартайған билеушінің мәңгілік өмір іздеген әлсіздігіне акцент қояды. Биліктен, жаулап алудан ешқашан бас тартпайды. В.Янның суреттеуінде Шыңғыс хан – өз жолындағы барлық нәрсені жойып, бақытсыздықты, өлімді және қасіретті әкелуші варвар ретінде бейнеленген. Осылайша В.Ян Шыңғыс ханның жағымсыз кейіпкер бейнесіндегі рөлін жасайды. Автордың көзқарасы тарихи тұлғаны бағалауда ғана емес, сонымен қатар шығарманың сюжеттік-композициялық ерекшеліктері мен бейнелі жүйесін анықтады.

Шыңғыс ханның жорықтарының тарихын түсіндіру турасындағы ізденісі ерекше, қаған туралы еуропалықтар мен түркітілдес халықтардың түсінігінің екі түрде екендігін де анық байқата алады. Жазушы әр түрлі кейіпкерлердің бағалары мен көзқарастары арқылы Шыңғыс ханға – оны білетін, көрген және ол туралы естіген адамдардың көзқарасы негізінде сипаттама береді.

Автор объективті баяндау заңын сақтай отырып, қашықтықты сақтайды. Романдағы ұсынылған кейіпкерлердің ішінде Шыңғыс ханның бейнесіне өзінің идеялық принциптері бойынша қарама-қайшы келетін Мұхамад – шах Джелал-ад-

Дин ерекше рөл атқарады. Роман барысында біз осы екі кейіпкердің адамгершілік пен адамгершілікке қарсы принциптерін байқай аламыз.

Бірақ В.Ян қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа негізделген мемлекеттің сенімді және ұзақ мерзімді перспективалары жоқ екенін көрсетеді. Мұны тарихтың өзі дәлелдейді: ұлы империяның негізін қалаушының қайтыс болуы осы империяның жойылуына және әулеттің жойылуына әкелді. Роман жайлы әдебиеттанушы С.В.Сосновская былай дейді: «Роман В.Яна «Чингисхан» дает художественно яркую и вместе с тем исторически достоверную картину жестоких времен, происходивших в Средней Азии в начале XIII века. Эта книга о конфликте «империи» Чингисхана и хорезмийским «царством» Алла ед-Дина Мухаммеда. И в этом конфликте побеждает хан. В романе он предстает перед нами как умелый полководец, тонкий дипломат, умелый внутривосточный деятель и дальновидный политик. История всегда привлекает читателей, тем более так талантливо написанная»

Жазушы адамзат өркениетінің жолдарын дамытуға қатысты өз көзқарасын білдіре келе, тарих циклдік түрде қайталанатын деген концепция ұсынады. І.Есенберлин тарихи оқиғалардың себеп-салдарын анықтауда ерекше қабілет көрсетті. Ол халық дамуының эволюциясын жіті зерделей алды. Бұл үшін оған герменевтикалық дәстүр шеңберіндегі интерпретациялық әдіс көп көмектесті. Мысалы, І.Есенберлин Шыңғыс хан бейнесін өз немерелерінің монологу арқылы ашады: «Адам дүниеге өзі келеді, өзі кетеді. Үрім-бұтақтың да өз тағдыры, өз тіршілігі бар емес пе? Сөйте тұра, үрім-бұтақ үшін күні бұрын әлек болудың қандай қажеті бар? Жоқ-жоқ, тіпті олай емес.

Атасы Шыңғыс хан: «Мен дүниеден екі-ақ нәрсені арман еттім. Біреуі – атақ-даңқымның өсе беруін, ал екіншісі – үрім-бұтағымның өзімдей әйгілі әрі ел-жұрттың әміршісі болуын» ғана көкседім деген жоқ па еді.

Сол атасы қарт Борақұлдан:

– Бұл жалғанда саған не қымбат? -деп сұраған.

– Өмір! - деген Борақұл.

– Оны немен дәлелдейсің? – деген Шыңғыс хан.

– Мен қазір ұлы мәртебелі Шыңғыс ханның арқасында, ұлы Орданың шаңырағын ұстап тұрған тоғыз уылдырығыңның – тоғыз өрлігіңнің бірі болдым, – деген Борақұл.

– Ұлы ханның өз иығынан алтын кіреукелі тон кидім, бірінен-бірі асқан отыз сұлу қатын алдым, алдымда билейтін ұлысым, бықыған малым бар... Бірақ қартайдым, төрімнен көрім жақын қалды. Ал егер құдай маған, мені баяғы саған қосылардан бұрынғыдай малшы болып жүрген таз қалпыма, бірақ жас қалпыма қайта түсірейін, мына атақ-бақ, дәреженді қиып кете аласың ба? десе, мен сөз айтпай көнер едім. Өмірдің қымбаттылығы міне, осындай.

– Дұрыс айттың, – деген Шыңғыс хан, – тіршіліктен қымбат ештеңе жоқ.

– Ал өзің де сөйте алар ма едің? – деп сұраған одан сонда Борақұл.

– Жоқ, мен өйте алмас едім, – деген ойланып Шыңғыс хан, - саған бәрін тастау оңай, атақ-бақты да, дәрежені де... Өйткені сенің артыңда үрім-бұтағың жоқ қой. Ал маған олай істеуге болмайды. Төрт ұлым – төрт жиһангер, әр немерем – әр елдің ханы, шөберелерім де ат жалын тартып міне бастады. Менің даңқым енді солар арқылы қанат жаяды... Ал өзіме өмір сұрап алғанмен үрім-бұтағымды осы күнгілеріндей

атақ-бақ, дәрежеге жеткізе аламын ба? Тек өз басым үшін ғана емес, солар үшін де күресіп, алысып-жұлысқан жоқпын ба? Жок, өйте алмайды екенмін. Менің сұрап алмақ өмірім, оданда үрім-бұтағымның игілікті өміріне айналсын. Сонда олардың әр жеңісінен, әр алға басқан адымынан мен қайтадан туамын. Үрім-бұтағым өмірімнің жалғасы. Егер олардың даңқы мәңгі өлмесе, мен де мәңгі жасаймын. Адамға бұдан зор тілек бар ма? Үрім-бұтақ деген міне осы» (Дәлелбекқызы, 2023: 130).

Егер автор роман жазуда жазбаша мәдени ескерткіштерді, деректі дәлелдерді, фольклорлық және көркем шығармаларды қолданса, түсіндіру объективті болуы мүмкін. «Алты басты Айдаһар» кітабында автор Шыңғыс ханды қатыгез жауынгер ретінде ғана емес, сонымен бірге оның әскеріне алкогольге деген құштарлықтың қаншалықты зиян тигізетінін түсінген дана билеуші ретінде бейнелейді: «Тарих мемлекет шарапты тым жақсы көретіндіктен, шаңға айналып, жер бетінен біржола жоғалып кеткен мысалдарды біледі. Әлсіз көршілердің жерлерін жаулап алған қуатты елдер әдеттегі қатыгездіктен басқа зорлық-зомбылықпен бірге шарап алып жүрді. Басқыншылар, қалағанына қару-жарақпен қол жеткізе алмай, адамдарды дінге, әдет-ғұрыпқа және тағы да шарапқа бағындырды. Мемлекеттілік қалыптаспаған халықтар үшін қорқынышты апат шарап болды». Жазушы адамдардың өмір сүру жағдайларын, олардың әлеуметтік ерекшеліктерін көрсетеді.

Шыңғыс ханның бейнесіне И.Калашников басқаша түсінік береді. «Қатігез ғасыр» романында автор Шыңғыс ханда халықтар мен олардың мәдениетін жойған жаулап алушының пайда болу себептерін табуға тырысады. Бұл автордан кейіпкерді сипаттаудағы бірегейлікті және оның әрекеттерін бағалаудағы субъективтілікті болдырмау, Шыңғыс хан дәуіріне деген көзқарасын қалыптастыру үшін тарихи құжаттарды мұқият зерделеуді талап етті. Жазушы кейіпкердің өзін-өзі ашуы арқылы роман кейіпкерімен не болып жатқанын көрсетеді, оның ішкі әлемін бейнелейді. Автор Шыңғыс ханды екі қырынан бейнелейді: әлсіз қасиеттерге ие қарапайым адам және бүтін бір дәуірді жасаған тарихи тұлға ретінде.

«Тарихи роман негізінен ақиқат деректерге, құжаттық, дәйекті материалдарға құрылатындықтан мұндағы кеңістік, уақыт байланысының өзіндік ерекшелігі бар. И.Калашников оқырманға мына негізгі ойды жеткізуге тырысады: адам бұл дүниеге таза келеді, кейін ол белгілі бір жағдайларға байланысты зұлым болады, ары қарай тарихтың өзі агрессияның және зорлық-зомбылықтың шегі бар дәлелдеп береді» (Баканов, 1989).

Исай Калашников Шыңғыс ханның бейнесін әртүрлі өмірлік жағдайларда онымен қиылысатын басқа кейіпкерлермен қатар суреттейді. Бұл сипаттама авторға ханның басқаларға деген көзқарасын неғұрлым нақты көрсету, кейіпкерге моральдық баға беру үшін маңызды. Кейіпкерлер галереясының ішінде Шыңғыс ханның анасы – Оэлуанның бейнесіне назар аудару керек, оның басты кейіпкердің образын ашудағы рөлі маңызды. Ана жүрегінің адамгершілігі, тектілігі, құрбандығы Шыңғыс ханның қатыгездігіне тікелей қарсы тұрады. И.Калашников өзінің кейіпкерін іс-әрекетте бейнеледі, тірі қарым-қатынаста Шыңғыс ханның мінезін ашты. Кейіпкердің өзін-өзі ашу әдісі арқылы ол тарихи тұлғаның рухани драмасын түсіндірді. Шығарманың кіріспесі де осы ана кейіпіндегі Оэлуанның алғаш Есугей батырға жар атануынан

бастау алады: «Оэлун сидела в задке повозки. По ее лицу, детски округлому, катились капли пота и падали на подол шелкового халата – ее свадебного наряда. Глаза Оэлун были широко открыты, но она не видела ни серых метелок дэрисуна, ни одинокого облачка над степью, не чувствовала зноя, – она была далеко отсюда, где остались мать и братья, ее детские игры и забавы. На ее проводы собрались многие соплеменники – олхонуты. Пели песни, шутили, состязались в остроловии, всем было весело, ей тоже: она всегда любила праздники, а это был ее праздник – в ее честь, в честь ее жениха слагали песни и пышные юролы-благопожелания» (Сосновская, 2020:72)

Жазушы В.Ян Шыңғыс ханды оқырманна оны зұлым, зерек, айлакер және аяусыз әскери қолбасшы ретінде таныстырады (Темирболат, 2015). Шыңғыс ханның бейнесін авторлық түсіндіру шығарманы жазу уақытына да байланысты болды. Кейіпкерлер жүйесінің құрылымы да осыған байланысты. И. Калашников өзінің романының кейіпкерін айыптауға жүгінбейді, ол Шыңғыс ханның мінезін, оның қалыптасуын, отбасылық және қоғамдық жағдайлардың әсерінен өзгеруін көрсетеді. Әдебиет зерттеушісі Б.Майтановтың «Портрет поэтикасы» еңбегіндегі мына пікірге назар аударсақ: «Қазіргі кезеңде қаһарман пішініндемесі бұрынғыша зор психологиялық қуат, өткір динамизммен суреттелсе де, неғұрлым ықшам формаға лайық жылдам әрі түрлі үзілістер арқылы кейде автор, кейіпкер тоғысуымен немесе әншейін байқаусыз көз жүгірткендей реңмен бейнеленуі үстемдік танытады» (Кожин, 1963). Автор үшін кейіпкердің мінезін жан-жақты ашу үшін оны әртүрлі жағдайларда көрсету маңызды, соның ішінде: жақын туыстарымен, тайпалармен, армия жауынгерлерімен қарым-қатынасы алдыңғы орында. В.Ян Шыңғыс хан бейнесін ашуда осы айтылғандарды мықтап ұстанған. Қазіргі қазақ әдебиетінде Алтын Орда кезеңінің тарихына деген қызығушылық қарқынды жүріп жатқаны байқалады. Мұны Мұхтар Мағауиннің «Шыңғысхан» (2011 ж.) және Нұрлан Санжардың «Алтын Орда жауынгерлері» (2019-2020 жж.) романдары дәлелдейді.

Мұхтар Мағауин «Шыңғысхан» романында Шыңғыс ханның бейнесі оның мемлекеттік билік саласындағы саясатымен тығыз байланыстылығын суреттеген. Шығармада ол соғыс сынақтарына төтеп берді, ағаларымен билік үшін күресті және ақыры адал қызметшілерінің көмегімен империялық таққа ие болды. Түркі тайпалары Қытай империясының шабуылына ұшыраған кезде, Шыңғыс хан барлық шығыс тайпаларын біріктіріп, Қытайдың кенеюін тоқтата алды. Ол болашақта қазақ халқының негізін құрайтын тайпаларды біртұтас мемлекетке біріктіріп, оларды Қытай мен Хорезмнің ассимиляциясынан қорғайды. Жазушы ішкі әлемге терең еніп, олардың әрқайсысының сезімдері мен көңіл-күйлері арқылы кейіпкерлердің әрекеттерін бағалайды. Өмірлік шындықты көркем түрде бейнелеу арқылы автор кейіпкердің өмірінің әлеуметтік және рухани салаларына терең бойлайды (Комаровская, 2019). Сәйкесінше, тарихи тұлғалардың тұтас бейнесін жасай алды.

Қазіргі қазақ жазушысы Нұрлан Санжардың «Жошы – күтпеген қонақ» романында Шыңғыс ханның ұлы Жошының Ақ Орданы құру әрекеті туралы баяндалады. Жазушы Оян мен Бөрте бейнелері арқылы жауынгерлер мен батырларды тәрбиелеген түркі әйелдерінің қиын тағдырын көрсетеді. Оян ұлына «ана тіліне» деген сүйіспеншілікті үйретеді. Авторлық концепциясында Н.Санжар

Алтын Орданың үстемдігі кезеңінде қазақ халқы мемлекеттіліктің маңызды факторларының бірі – өзінің этникалық тегі мен аумағына ие болатынына оқырман назарын аударады.

5. Қорытынды

Біздің мақаламызға негіз болған Шыңғыс хан мәңгі жасайтын мемлекет құру мақсатында бас имегендерді қылыштың жүзімен бағындырған ас күрделі, жұмбағы мол тарихи тұлға екендігі белгілі. Шыңғыс хан бейнесі – талай романның, хикаяттың, әңгіменің, поэманың, пьесаның, қысқасы, талай үлкен туындылардың негізі болды.

Тарихи материал, оның шынайылығы жазушыға басқа халықтардың, мемлекеттердің өмірін, олардың әдет-ғұрыптарының тарихын, өмірін білудің маңызды көзі болып табылады (Юрина, 2020: 105). Дереккөздер, құжаттар тек осы кезеңді арнайы зерттеген немесе тарихқа қызығушылық танытқан адамдардың белгілі бір тобына қол жетімді. Жазушының тарихи дереккөздер, деректі материалдар бойынша жұмысы туралы мәселе тарихи роман жанрына қатысты маңызды рөл атқарады. Оның сапасы жазушының талантына ғана емес, сонымен қатар бастапқы дереккөздерде жұмыс істеу қабілетіне де байланысты. Ол үшін шығармашылық дарынға ие болу жеткіліксіз, жазбаша дереккөздердің мағынасын талдау және түсіну әдісін білу және меңгеру қажет. Соңғы онжылдықтардағы тарихи романдар авторлық принциптің жандануымен, әлеуметтанулық тенденциялардың көрінісімен ерекшеленеді. Бүгінгі тарихи роман жаңа түсініктермен сипатталады, басқа қырынан алғанда адамның тарихпен байланысы түсіндіріледі, тарихтың түбегейлі басқа тұжырымдамасы беріледі.

Әдебиеттер:

1. Баканов А.Г. Қазіргі шетелдік тарихи роман. – Киев: Жоғары мектеп, 1989. – 184 б.
2. Дәлелбекқызы А. Тарихи романдағы уақыт пен кеңістіктің интеграциясы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 1 (189).
3. Есенберлин И. Алтын Орда. Алты басты Айдаһар [Электрондық ресурс]. – URL: <https://libking.ru/books/prose-/prose-history/89269-ilyas-esenberlin-shestiglavyy-aydahar.html>
4. Комаровская А.Н. XX ғасырдағы АҚШ тарихи романы: монография. – Минск: БГПУ, 2019. – 238 б.
5. Кожин В. Романның пайда болуы. – Мәскеу: Кеңес жазушысы, 1963. – 439 б.
6. Мағауин М. Шыңғыс хан. – Алматы: Дәуір, 2011. – 607 б.
7. Майтанов Б.Қ. Портрет поэтикасы: ғылыми зерттеу. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 127 б.
8. Санжар Н. Жошы – күтпеген қонақ. – Алматы: Meloman Publishing, 2019. – 272 б.
9. Сатылханова Г., Танжарықова А., Худайберген Н., Токшылықова Г., Тайманова С. Қазақ прозасындағы детальдің көркемдік қызметі // ОРЦИОН. Арнаулы шығарылым. – 2018. – № 15. – 1265–1294-бб. URL: [85059319002&partnerID=40&md5=2ac9f53cc0003c3832dba0467f2d765a](https://doi.org/10.26907/2542-4552.2018.15.1265-1294) (қол жеткізілген күні: 05.01.2023).
10. Сосновская С.В. Василий Янның «Шыңғыс хан» романына рецензиялар [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.labyrinth.ru/reviews/goods/76300/>
11. Темирболат А.Б. Қазіргі қазақ прозасындағы роман жанрының трансформациясы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2015. – № 2 (154). – 104–112-бб.
12. Юрина В.И. Тарихи романның жанр түзуші белгілері // Жас ғалым. – 2020. – № 17 (307). – 447–449-бб.
13. Ян В. Шыңғыс хан. – Алматы: Qasym баспа үйі, 2021. – 560 б.

Refereneeces:

1. Bakanov A.G. (1989). The contemporary foreign historical novel. Kyiv: Vyshcha Shkola. (in Russian)
2. Dälelbekkyzy A. (2023). The integration of time and space in the historical novel. KazNU Bulletin. Philology Series, 1(189). (in Kazakh)
3. Esenberlin I. (n.d.). The Golden Horde. The Six-Headed Aydahar [Electronic resource]. Retrieved from <https://libking.ru/books/prose-/prose-history/89269-ilyas-esenberlin-shestiglavyy-aydahar.html> (in Kazakh)
4. Komarovskaya A.N. (2019). The historical novel of the United States in the 20th century. Minsk: Belarusian State Pedagogical University Press. (in Russian)
5. Kozhinov V. (1963). The origin of the novel. Moscow: Sovetskii Pisatel. (in Russian)
6. Magauin M. (2011). Genghis Khan. Almaty: Dauir Publishing House. (in Kazakh)
7. Maitanov B.Q. (2006). The poetics of portraiture. Almaty: Kazakh University Press. (in Kazakh)
8. Sanzhar N. (2019). Jochi – The unexpected guest. Almaty: Meloman Publishing. (in Kazakh)
9. Satylkhanova G., Tanzharykova A., Khudaibergenov N., Tokshylykova G., & Taimanova S. (2018). The artistic function of detail in Kazakh prose. OPCION, Special Issue No. 15, 1265–1294. (in English)
10. Sosnovskaya S.V. (n.d.). Reviews of the book “Genghis Khan: A Novel” by Vasily Yan. Retrieved from <https://www.labirint.ru/reviews/goods/76300/> (in Russian)
11. Temirbolat A.B. (2015). The transformation of the novel genre in contemporary Kazakh prose. Bulletin of KazNU. Philological Series, 2(154), 104–112. (in Russian)
12. Yan V. (2021). Genghis Khan. Almaty: Qasym Publishing House. (in Kazakh)
13. Yurina V.I. (2020). Genre-forming features of the historical novel. Young Scientist, 17(307), 447–449. (in Russian)